«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасының докторанты Нурсеитова Лайла Дюсенгалиевнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жапон аймақтық бастамаларының трансформациясы және «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан-Жапония серіктестігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы: Диссертациялық жұмыс Жапонияның аймақтық бастамаларының эволюциясын, «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан-Жапония серіктестігінің мазмұны мен болашағын кешенді түрде талдауға бағытталған.

Диссертациялық жұмыста Жапонияның сыртқы саяси тұжырымдамалары мен аймақтық дипломатиясының теориялық негіздері сараланып, олардың Орталық Азиядағы практикалық жүзеге асырылу тетіктері талданады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы Жапонияның Орталық Азия мемлекеттерімен саяси, экономикалық және қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастығын институционалдық деңгейде дамытуға бағытталған маңызды платформалардың бірі болып табылады.

2025 жыls 20 желтоқсанда Токиода өткен «Орталық Азия плюс Жапония» саммитінің нәтижелері Жапонияның аймақ мемлекеттерімен, соның ішінде Қазақстанмен саяси-экономикалық байланыстарды кеңейтуге деген мүдделілігін тағы да айқындады. Бұл формат тек дипломатиялық диалог алаңы ғана емес, сонымен қатар аймақтық деңгейдегі мәселелерді – энергетикалық қауіпсіздік, инфрақұрылымдық байланыстар, экологиялық және адам капиталын дамыту бағыттарын бірлесіп шешуге бағытталған көпжақты механизм ретінде қалыптасып келеді.

Алайда Қазақстан мен Жапония ынтымақтастығының жоғары әлеуетіне қарамастан, оның толық іске асуына географиялық қашықтық, экономикалық байланыстардың жеткіліксіз институционалдануы және жаһандық саяси-экономикалық өзгерістер әсер етуде. Бұл факторлар серіктестіктің тұрақты дамуын белгілі бір деңгейде тежейді, сондықтан оның динамикасы мен шектеулерін ғылыми тұрғыдан талдау өзекті болып қала береді.

Сондай-ақ, зерттеу аясында сараптамалық сұхбаттар әдісі қолданылып, Жапонияның дипломатиялық қызмет өкілі, жапондық қоғамдық сарапшымен және «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы мәселелерімен айналысатын Қазақстандық дипломатпен тереңдетілген сұхбаттар жүргізілді. Бұл сұхбаттар

екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың саяси, экономикалық және институционалдық ерекшеліктерін саралауға, сондай-ақ аталған форматтың қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлін нақтырақ бағалауға мүмкіндік берді.

Осылайша, зерттеу барысында алынған сауалнама нәтижелері мен сараптамалық сұхбаттар «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстан-Жапония серіктестігін жан-жақты талдауға, оның дамуындағы мүмкіндіктер мен шектеулерді анықтауға, сондай-ақ екі ел арасындағы ынтымақтастықты болашақта қандай салаларда тереңдету қажет екендігін ғылыми тұрғыдан негіздеуге қызмет етеді.

Зерттеу мақсаты – Жапон аймақтық бастамаларының трансформациясы аясында «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан-Жапония серіктестігінің стратегиялық моделін жүйелеу.

Аталған мақсатқа жету үшін, келесі **міндеттер** қойылады:

- Қазіргі жапон сыртқы саяси стратегиясының доктриналары мен аймақтық қарым-қатынастар жүйесінің теориялық негіздерін анықтау;
- Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Жапонияның Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының мазмұнын және бағыттарын айқындау;
- Жапонияның «Жібек жолы дипломатиясының» аймақтағы стратегиялық бағдар қалыптасу ретіндегі мәнін ашу;
- «Орталық Азия плюс Жапония» диалогының Жапонияның аймақ елдерімен қарым-қатынасындағы маңызын талдап, нәтижелеріне баға беру.
- «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасының саяси және тарихи себептерін анықтап, оның жүзеге асыру механизімдерін талдау;
- Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық базасын анықтап, екі жақты қатынастарды дамытудағы рөлін бағалау;
- Қазақстан мен Жапонияның серіктестік модельдерін анықтау;
- «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстан-Жапон серіктестігінің әлсіз және мықты жақтарын анықтау.

Зерттеу нысаны – Жапонияның Орталық Азия аймағындағы сыртқы саясаты.

Зерттеу пәні – «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан-Жапония серіктестігі

Зерттеудің теориялық негізі Диссертацияда жаңа регионализм теориясы негізгі әдіснамалық теория болып табылады. Өйткені ол қазіргі кезеңдегі аймақтық процестердің көпөлшемді табиғатын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Жаңа регионализм теориясы аймақтық интеграцияны тек экономикалық немесе институционалдық механизмдер ретінде емес, жаһандану жағдайындағы көпдеңгейлі, көпакторлы және нормативтік үдеріс ретінде қарастыруға негіз береді. Осы теория арқылы біз Қазақстан мен Жапония арасындағы

қатынастардың жай екіжақты байланыс емес көпдеңгейлі аймақтық серіктестік екенін дәлелдедік.

Консерватизм мен «жұмсақ күш» теориялары зерттеудің қосымша түсіндіруші теориялары ретінде қарастырылады.

Консерватизм теориясы арқылы біздің зерттеуде Жапонияның аймақтық саясаты мен Қазақстан-Жапония серіктестігі тұрақтылық, ұлттық мүдде және эволюциялық даму тұрғысынан түсіндіріледі. Кейбір жапон консерваторлары орныққан тәртіптердің (ұлттың, халықтың, тәртіптің) ішкі құндылығы бар деп санайды. Жұмсақ күш (soft power) теориясы арқылы Жапонияның Орталық Азиядағы, соның ішінде Қазақстанмен байланыстағы саясаты мәжбүрлеу емес, мәдени құндылықтарын насихаттау, технологиялық жетістіктерімен бөлісу, көмек көрсету, тартымдылық және сенім арқылы ықпал ету ретінде түсіндіріледі.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық жұмыста жүйелілік, бірізділік және объективтілік қағидаттарына негізделген теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Теориялық әдістер қатарына: теориялық талдау, кабинеттік зерттеу, салыстырмалы талдау, сондай-ақ сценарийлік-симуляциялық әдіс енгізілді. Эмпирикалық әдістер ретінде сараптамалық сұхбаттар, сауалнама және SWOT-талдау (strengths and weaknesses – күшті және әлсіз жақтар, opportunities and threats – мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлер) пайдаланылды.

Зерттеудің негізгі **гипотезасы** келесі ғылыми сұрақтарға негізделеді:

1. Жапонияның аймақтық бастамаларының трансформациясы оның сыртқы саяси, экономикалық стратегиялық бағыттарының өзгеруімен байланысты және бұл үдеріс «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстанмен серіктестіктің мазмұны мен бағыттарын айқындауға ықпал етеді.

2. Егер тиімді институционалдық құралдар, өзара мүдделердің үйлесімділігі және тұрақты саяси диалог қамтамасыз етілсе, «Орталық Азия плюс Жапония» форматы Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтудың және оны сапалық жаңа деңгейге көтерудің маңызды әрі ықпалды алаңы ретінде қалыптасуы мүмкін.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Жапонияның Орталық Азиядағы бастамаларының трансформациясы және «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстан-Жапония серіктестігіне алғаш рет диссертация деңгейінде кешенді анализ жасалды;

- Зерттеу аясында Қазақстан мен Жапония Сыртқы істер министрлігінің 1991-2025 жылдар аралығындағы ресми материалдары, мемлекетаралық келісімдер, ресми сапарлар статистикасы және дамуға ресми көмек деректері ғылыми айналымға енгізіліп, оларға эмпирикалық талдау жүргізілді;

- Зерттеуде Жапонияның Орталық Азиядағы аймақтық бастамаларының қалыптасу алғышарттары, даму кезеңдері және қазіргі кезеңдегі эволюциясы

жүйелі түрде талданып, олардың мазмұны мен бағыттарының өзгеру динамикасына ғылыми бағалау жүргізілді;

- «Орталық Азия плюс Жапония» форматын аймақтық тұрақтылық пен стратегиялық қауіпсіздіктің мультидименсионды моделі ретінде қарастырылды. Яғни, серіктестік тек екіжақты ынтымақтастық емес, сонымен бірге Орталық Азиядағы бейбітшілік, логистика және технологиялық интеграцияның негізгі драйвері ретінде интерпретацияланды;

- Модельді трансформациялық анализ арқылы Жапонияның Орталық Азия аймағындағы стратегиялық серіктестік моделінің компоненттері анықталып, олардың эволюциясы, өзара тәуелділігі және ықтимал әсерлері көрсетілді;

- Сценарийлік-симуляциялық әдіс қолдану арқылы Қазақстан-Жапония серіктестігі болашағының ықтимал сценарийлерінің модельдері анықталды.

- Сарапшылармен жүргізілген тереңдетілген сұхбаттар және «Орталық Азия плюс Жапония» диалогының 10-шы саммит нәтижелері негізінде Қазақстан-Жапония қатынастарының жаңа даму траекториялары талданып, стратегиялық басым бағыттары жүйеленіп, екі ел серіктестігінің даму болашағына болжам жасау нәтижесінде, оның тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдамалар:

- Жапонияның Орталық Азияға қатысты аймақтық бастамалары XXI ғасырдың басынан бастап эволюциялық сипатта трансформацияланып, дәстүрлі дамуға ресми көмек моделінен көпдеңгейлі стратегиялық серіктестік форматына өтті.

- 1997 жылы жарияланған «Жібек жолы дипломатиясы» Жапонияның Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының алғашқы тұжырымдамалық негізін қалыптастырды. Ол саяси диалог пен экономикалық ынтымақтастықты күшейтуге және аймақтық тұрақтылықты қолдауға бағытталса да, саяси ықпалдың шектеулілігі, жобалардың қаржылық-институционалдық кедергілері және ішкі тұрақсыздық факторларын толық ескермеуі оның негізгі әлсіз тұстары болды.

- 2004 жылы басталған «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы Жапонияның аймақтық саясатын институционалдық деңгейге көтеріп, көпжақты саяси-экономикалық ынтымақтастық алаңын қалыптастырды. Соның нәтижесінде Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты ОДА-ға негізделген тәсілден институционалдық аймақтық серіктестік стратегиясына өтті.

- Әлемдік геосаяси өзгерістер мен дағдарыстар Жапонияны Орталық Азия саясатын қайта қарауға итермелеп, «бейбітшілік және тұрақтылық дәлізі» бастамасын ұсынуға әкелді. Осы аяда JICA және ДРК арқылы инфрақұрылым мен институционалдық реформалар қолдау тапты, алайда саяси-қауіпсіздік

ықпалының шектеулілігі, жобалық сипат және ұзақ мерзімді тұрақтылықтың әлсіздігі негізгі кемшілік болды.

- Қазақстан мен Жапония қатынастары стратегиялық әріптестікке өтіп, технология, жасыл энергетика және инфрақұрылым салаларында нығайды, бұл ұзақ мерзімді ынтымақтастықты көрсетеді. Мықты тұсы – экономикалық әртараптандыру мен технологиялық және білім-ғылыми алмасудың дамуы, ал әлсіз тұсы – саяси-қауіпсіздік ықпалдастығының шектеулілігі. Болашақта цифрлық, энергетикалық жобаларды кеңейтіп, қауіпсіздік пен дипломатиялық диалогты күшейту және геосаяси тәуекелдерді азайту маңызды.

- Қазақстан мен Жапония серіктестігін нығайту экономикалық әртараптандыру мен инфрақұрылымдық, энергетикалық және цифрлық жобаларды кеңейтуді талап етеді. Ғылыми-білім беру алмасулары адами капиталды күшейтеді, ал аймақтық қауіпсіздік пен дипломатиялық диалог тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Геосаяси тәуекелдерді азайтуға бағытталған икемді стратегиялар екіжақты қатынастардың ұзақ мерзімді дамуының басты шарты болып табылады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар ҚР Сыртқы істер министрлігі, Сауда және интеграция министрлігі, сондай-ақ стратегиялық зерттеулер институттарының сараптамалық қызметінде Қазақстан-Жапония ынтымақтастығының мазмұндық және институционалдық негіздерін жетілдіру тұрғысынан практикалық маңызға ие. Жүргізілген зерттеу қазақстандық жапонтану бағытын жүйелеуге, Жапонияның аймақтық және жаһандық бастамаларын талдаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін кеңейтуге және Орталық Азия кеңістігіндегі көпжақты дипломатиялық форматтарды зерделеуге арналған отандық ғылыми мектептің дамуына белгілі бір дәрежеде үлес қосады.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және өндіру: Диссертациялық жұмыс Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қиыр Шығыс кафедрасында орындалған.

Докторанттың жарияланымдары: зерттеу тақырыбы бойынша Scopus дерекқорына енгізілген шетелдік ғылыми журналда (Q2, Social Science Review, перцентиль – 78) 1 мақала, ҚР ҒЖББСҚК ұсынған отандық ғылыми журналдарда 4 мақала, сондай-ақ халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында 4 мақала жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Зерттеу жұмысымыз кіріспеден және тақырыптың мақсат-міндеттерін ашатын, бір-бірімен логикалық байланыс негізінде құралған үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалар мен қысқартылған сөздерден тұрады.